

МКҚК «КЕНТАУ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІНІҢ» БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

- 1) жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.
- 2) жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы интеллектіні байыту;
- 3) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік нышандарды құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- 4) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- 5) отандық және дүниежүзілік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;
- 6) педагог қызметкерлердің жоғары әлеуметтік мәртебесін қамтамасыз ету;
- 7) білім беру ұйымдарының еркіндігін, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру;
- 8) қоғам мен экономиканың қажеттеріне жауап беретін білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін жұмыс істеуі;
- 9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне кәсіптік білім беру бағдарламаларының тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;
- 10) жалпы оқытудың, жұмыс орны бойынша және еңбек нарығының қажеттері арасындағы оқытудың өзара байланысын қамтамасыз ететін және әркімге білімге негізделген өзінің жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;
- 11) білімді, ғылымды және өндірісті интеграциялау;
- 12) білім алушылардың кәсіптік бағдарлануын қамтамасыз ету;
- 13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы техникалық және кәсіптік білім берудің озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету болып табылады.



МКҚК «Кентау көпсалалы колледжі»

Білім алушыларға қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау және тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық базаның болуы

Ғимараттың жалпы алаңы: 5061 шаршы метр

Оқу ғимаратының жобалық қуаттылығы, оқушылар орындары: 671

Спорт залдың алаңы, шаршы метр: 239

Акт зал: 1

Конференция залы: 1 (HUB)

Кітапхана: 1 Оқу залы: 1

Жатақханалардың алаңы, шаршы метр: 1123

Асхананың жобалық қуаттылығы, отыратын орындар: 30

Оқу кабинеттерінің саны, бірлік: 30

Зертханалар саны, бірлік: 13

Шеберханалар саны, бірлік: 8

Компьютерлік сыныптар саны, бірлік: 7

Оқу процесінде пайдаланылатын компьютерлер саны, бірлік: 197

Одан интернет желісіне қолжетімділіктері бар, бірлік: 136

Интерактивті құрал-жабдық жиынтықтарының саны: 6

Орта медициналық қызметшілер саны, адам: 1